

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 маусымдағы N 516 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "Байқоңыр" монтаждау-сынау кешеніндегі 2002 жылғы 12 мамырдағы оқыс оқиғаның салдарынан асыраушысынан айрылған Қазақстан Республикасының азаматтарына Ресей тарабынан төленген біржолғы жәрдемақының шамасы мен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген біржолғы жәрдемақы шамасы арасындағы айырманы төлеу үшін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 5 640 474 (бес миллион алты жүз қырық мың төрт жүз жетпіс төрт) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*